

Шымкент қаласы білім басқармасының
"№31 Терешкова атындағы жалпы орта
білім беретін мектебі"
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение
"Общеобразовательная средняя школа
№31 им. Терешковой"
управления образования города Шымкент

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы " // " қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 400
город Шымкент

«Террористік осал объектінің антитеррорлық қауіпсіздігі шараларының орындалуын қамтамасыз ететін жауапты қызметкерді бекіту» туралы

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2021 жылғы 6 мамырдағы ҚР Үкіметінің №305 қаулысы мен «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің террористік осал объектінің антитеррорлық қауіпсіздігі шараларының орындалуын қамтамасыз ететін жауапты қызметкері ретінде директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары А.Асабаев бекітілсін. Жауапты қызметкер террористік тұрғыдан осал білім беру мекемелері объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастырсын.
2. Жауапты қызметкердің лауазымдық нұсқаулығына аталған мәселе бойынша міндеттемелер енгізілсін және ҚР Заңдарына сәйкес қосымша шаралар қабылдансын.

Бұйрықтың орындалуын қадағалау №31 жалпы орта білім беретін мектебінің кадр жөніндегі іс-қағаз жүргізушісі Д.Сартаеваға жүктелсін.

Бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

Мектеп директоры:

Е.К.Нурсеитов



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы «16» қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 415
город Шымкент

Мектеп ұжымымен оқушыларды террористік қауіптен қорғау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп директоры немесе міндетін атқарушы мектептің терроризмге қарсы қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етсін.
2. Мектеп әкімшілігінің бекітілген ішкі ережеге сәйкес жұмыс орында болуы қамтамасыз етілсін.
3. Терроризм қауіпінің алдын алу мақсатында мектепке бөгде адамдардың заңсыз кіруіне жол бермеу және кіруіне рұқсаттама орнату қатаң қадағалансын.
4. Мектеп және мектеп аумағындағы қауіпті бақылау қатаң түрде жүргізілсін.
(Күдікті адамдар мен заттарды анықтау)
5. Мектеп аумағына келушілер мен көлік құралдарының кіруінің арнайы тәртібі белгіленсін.
6. Мектеп күзетін қамтамасыз ету талапқа сай ұйымдастырылып, мектепті күзетуді жүзеге асыратын күзет агенттіктерімен келісім шартқа тұру жұмыстары заң шеңберінде жүзеге асырылсын.
7. Мектеп және мектеп аумағында орналастырылған бейне бақылау қондырғыларының үнемі жұмыс істеп тұруға қадағалансын.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалап бақылау ДШЖО А.Асабаевқа, Л.Арзыкуловаға, Г.Арынбаеваға ДТЖО Ғ.Нұсқабайға, Қ.Қалиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Е.К.Нурсейтов

БҰЙРЫҚ**ПРИКАЗ**

2025 жылғы «*И*» қыркүйек
Шымкент қаласы

№ *339*
город Шымкент

"Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу туралы"

Мектеп оқушыларына құқықтық тәрбие беру мен діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-шаралар ұйымдастыру мақсатында **Бұйырамын:**

1. Діни экстремизм мен терроризм идеологиясының ықпалына ықтимал кәмелетке толмағандарды өз құрдастарымен қарым-қатынас жасау үшін әр түрлі жасөспірімдер бірлестіктерімен /оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы, спорттық үйірмелер, дебат клубтарына, сондай-ақ балалардың мүдделері бойынша әр түрлі үйірмелермен/ оқушылар үйірмелерге қамтылсын.
2. Мектепте балалардың толеранттық және бейбітшілік сүйгіштік сезімдерін оятуға және тәрбиелеуге бағытталған ай сайын іс-шаралар ұйымдастырылсын.
3. 1-11 сыныптарда «Діни экстремизм – балаларға қауіп» атты ақпараттық сынып сағаттары өткізілсін. Жауапкершілік сынып жетекшілерге жүктелсін.
4. Деструктивті діни ағымдардың заңдылығы «Діни экстремизм, Құқықбұзушылық, Жауапкершілік», «Діни экстремизм - жастардың адасуы» тақырыптарында сынып сағаттары мен ата-аналар жиналысы өткізілсін.
5. Мектепте қоғам қайраткерлері, танымал тұлғалардың қатысуымен терроризм идеологиясын қабылдамауға және рухани-адамгершілік құндылықтарды дарытуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.
6. Мектепте оқушыларымен діни экстремизм мен терроризмге қарсы дөңгелек үстелдер, діни, құқық қорғау органы қызметкерлерімен кездесулер өтіліп, хаттамалар толтырылсын.
7. Мектеп оқушыларын өзге дінге енуге үгіттейтін бөгде адамдардың мектеп территориясында жүрмеуі қатаң қадағалауға алынсын.

Бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Ғ.А.Нұскабайға, Қ.Б.Қалиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:

Е.К.Нурсейтов



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы "11" қыркүйек
Шымкент қаласы

№401
город Шымкент

"Экстремизмнің алдын алу туралы"

Мектеп оқушыларына құқықтық тәрбие беру мақсатында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-шаралар ұйымдастыру туралы **Бұйырамын:**

1. Мектепте діни экстремизм мен терроризмге қарсы кеңес құрылсын:
Нұсқабай Ф.А - кеңес төрағасы, Степанова М- мүшелері
Оңғарбаева А- ӘБ жетекшісі, Балабиева Ұ - мүшелері
Изимкелова С - мүшелері, Тұрсынбекова М- мүшелер
Сыздылова Қ - мүшелері
2. Мектеп оқушыларына құқықтық тәрбие беру мақсатында діни экстремизмге қарсы іс-шаралар жоспары жасалынып бекітілсін.
3. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы тәрбие сағаттары 1-11 сынып оқушыларына үнемі жүргізіліп, өзге дінге өткен оқушылардың тізімі жасалынып қатаң бақылауға алынсын.
4. Мектепте оқушыларымен діни экстремизм мен терроризмге қарсы дөңгелек үстелдер, діни, құқық қорғау органы қызметкерлерімен кездесулер өтіліп, хаттамалар толтырылсын.
5. Оқушылар, мұғалімдер арасында идеологиялық бағытта жұмыс жүргізу баяндамалар оқуды ұйымдастыру тарих-география ӘБЖ А.Оңғарбаеваға жүктелсін.
6. Мектеп оқушыларын өзге дінге енуге үгіттейтін бөгде адамдардың мектеп территориясында жүрмеуі қатаң қадағалауға алынсын.

Бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Ф.А.Нұсқабай, Қ.Б.Қалиеваға жүктелсін.

Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:

Е.К.Нурсейтов



Терешкова атындағы №31 жалпы орта мектебіндегі
2025-2026оқу жылына арналған
Діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес бойынша іс-шара
жоспары

Максаты: оқушылардың экстремизм идеяларын қабылдамауын қалыптастыру, халықаралық құқық пен адамгершілік принциптерін сыйлау.

| № | Атқарылатын іс-шаралардың мазмұны | Іс-шаралар өтілу тәсілі | Мерзімі | Жауаптылар |
|----|--|-------------------------|--------------------------------------|-------------------|
| 1. | Сынып сағаттарын өткізу: <ul style="list-style-type: none">▪ Үкітмал қауіптерден өзінді қалай қорғау керек.▪ Күдікті зат анықталған кездегі әрекеттер.▪ Терроризм қауіпі бар жағдайдағы балалардың іс-қимылдары (террорлық акті жасаған).▪ Терроризмнен туралы не білуі керек.▪ Қауіпсіз іс-әрекет ережелерін білудің маңыздылығы.▪ Қауіпсіз мектеп. | 1-4 | Қыркүйек Қазан Қараша Ақпан | Сынып жетекшілері |
| | <ol style="list-style-type: none">1. Бейтаныс адамдардың стандартты емес іс-әрекетін қалай ажыратуға болады.2. «Терроризм:оның пайда болуы мен салдары».3. Терроризм-қоғамға қауіп.4. Мектептердердегі қауіпсіздік іс-шаралары.5. Терроризм қауіпі бар жағдайдағы балалардың іс-қимылдары (террорлық акті жасаған).6. Терроризмнен қорғау. | 5-7 | | Сынып жетекшілері |
| | <ol style="list-style-type: none">1. Қауіпсіз тәртіп ережелері;2. Қазіргі терроризм және онымен күрес;3. Мектептегі терроризмге қарсы қауіпсіздік;4. Объектілерде террористік актілердің алдын алу және сақтық | 8-11 | | Сынып жетекшілері |

| | | | | |
|-----|--|------|----------------------------|--|
| | шаралары туралы; 5. Терроризмнен қорғау; 6. Террористік шабуыл кезінде білім алушылардың іс-әрекеттері. | | | |
| 2. | 18 қазан – Рухани келісім күні | 6-11 | 18.10. 2024 | ДТЖЖО |
| 3. | Жалпы мектептік және сынып ата-аналар жиналысында «Діни еркінді және діни ұйымдар» тақырыбында әңгіме жүргізу | 1-11 | Айына бір рет | Сынып жетекшілері Ата-аналар комитеті |
| 4. | Жалпымектептік ата-аналар жиналысында, сынып ата-аналар жиналысында «Дін еркіндігі және діни ұйымдар» тақырыбына әңгімелесу | 1-11 | Айына 1 рет | Сынып жетекшілері Ата-аналар комитеті |
| 6. | Басқа ағымдағы діни мекемелерге (аймағымыз үшін дәстүрлі емес) баратын балалармен жеке әңгімелесу | 1-11 | Жыл бойы | Сынып жетекшілері |
| 7. | Басқа ағымдағы діни мекемелерге «аймағымыз үшін дәстүрлі емес) баратын балалардың ата-аналарымен жеке әңгімелесу | 1-11 | Жыл бойы | Психологтар |
| 8. | Тарих және азаматтану бойынша тақырыптық сабақтар: «Орта Азиядағы экстремизм»; «Ислам дінінің шығуы. Шарифат» «Дін мен сектанттық»; «Дін және адамның рухани байлықтары»; «Діни экстремизм» | 1-11 | Жыл бойы | Тарих ӘБ |
| 9. | ҮОС ардагерлерімен, интернационалист-жауынгерлермен кездесу | 1-4 | Жыл бойы | Сынып жетекшілері |
| 10. | Ерлік сабағы | 9-11 | Қыркүйек Ақпан Мамыр | Сынып жетекшілері |
| 11. | «Экстремизмге қарсымыз!» акция өткізу | 9-11 | Ақпан | ДТЖЖО |
| 12. | Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру | 1-11 | Жыл бойы | Сынып жетекшілері |
| 13. | Оқушыларды спорттық секцияларға тарту | 1-11 | Жыл бойы | ДШӘБ, Сынып жетекшілері |
| 14. | КЖТББ (КТЖБ) қызметкерлерімен кездесу | 8-11 | Жыл бойы | Инспектор |

**«Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал обьтілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығына сәйкес Терешкова атындағы №31 ЖОББМ –де 05.09.2025 жылы мектеп ұжымы мен өткізілген «Экстремизм мен терроризмге қарсы іс -қимыл» террористік актісі орын алға жағдайдағы алғашқы іс –әрекет тақырыбында оқу-жаттығу семинарының
№1 хаттамасы**

Қатысқандар: мектеп ұжымы

Мерзімі: 05.09.2025ж

Өткізілген орын: Акт залы

Күн тәртібінде:

1. Террористер адамдарды кепілдікке алған кездегі алғашқы іс –әрекеттер.
2. Мектеп аумағында жарылғыш заттар, құралдар табылған жағдайдағы алғашқы іс –әрекеттер.
3. Анонимдік терроризм болған кездегі іс –әрекеттер.
4. Эвакуациялық іс -әрекеттер.

(ДТЖОКО Н.Нұсқабай)

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ДТЖОКО Н.Нұсқабай сөз алып бүгінгі оқу жаттығу семинарының мақсаты мен міндеттерін түсіндіріп өтті. Жоғарыдағы 4 мәселе бойынша, яғни экстеремистік актісі орын алған жағдайдығы алғашқы іс –әрекеттер тақырыбында ақпарат беріп, мектеп ұжымына терроризм актісінің қауіпі туындаған жағдайдағы әрекеттер туралы жаднама тартып берді. Нитерактивті тақтадан 4 мәселе бойынша көрсетіп, әр мәселе бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

I.Террористер адамдарды кепілдікке алған кездегі алғашқы іс –әрекеттер.

- 1.Қарсылық білдірмеңіз, барлық талаптарды орындаңыз.
- 2.Келіссөзге араласпаңыз, оны өзіңіз жүргізбеңіз.
- 3.Сабырлық сақтаңыз.
- 4.Толық сеніміңіз болмаса қашуға тырыспаңыз.
- 5.Террористер туарлы көп нәрсені есте сақтауға тырысыңыз: (Олардың саны, қарулары, дене бітімдері, мінез –құлқы, акценті, сөйлеу мәнері және т.б)
- 6.112-номеріне полицияға хабарлау, ұялы телефонды іске қосып теріс аударып беру (қауіп жоқ кезде)
7. Мүмкіндік болса 102 номеріне хабарлап үлгеру.

II. Мектеп аумағында жарылғыш заттар, құралдар табылған жағдайдағы алғашқы іс –әрекеттер.

1. Жарылғыш құрылғылардың айқын белгілері: (Антенна, сағат дыбысы, сымдар, батареялар)

2. Сезікті заттар: иесіз портфельдер, шабадандар, сөмеклер, түйіншектер, қаптар, жәшіктер, қораптар, иесіз көліктер.

3. Жарылғыш құрылғыны тапқан кездегі әрекеттер:

А) Затқа жақын маңда ұялы телефонды, радиостанцияны қолдануға тыйым салынады.

Б) Затты қолмен ұстауға жылжытуға, ашуға тыйым салынады.

В) Сезікті заттың табылғаны туралы дереу полицияға хабарлаңыз.

С) Мүмкіндік болса затты окшаулаңыз, басқа адамдарды жолатпаңыз, полиция қызметкерлерінің келуін күтіңіз.

Д) Жарылғыш құрылғыны залалсыздандыруға тек құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің келуін күтіңіз.

III. Анонимдік терроризм актісі болған кездегі алғашқы іс-әрекеттер.

1. Әңгімелесудің нақты мазмұнын есте сақтауға тырысыңыз.

2. Сөйлеу мәнерін, дауыс ерекшеліктерін, өзгеше сөздер мен сөз орамдарын белгілеңіз.

3. Дыбыстық фонды аңғаруға тырысыңыз.

4. Әңгімелесуді таспаға жазып алуға тырысыңыз

5. Тұтқаны қоймай тұрып, телефон номерін жазып алыңыз.

6. Мекеменің қауіпсіздік қызметін және құқық қорғау органдарын дереу хабардар етіңіз!

7. Қорқытулары бар хатты басшылыққа көсетіңіз басқа қызметкерлерге бермеңіз, құқық қорғау органдарын шақырыңыз.

IV. Эвакуациялық іс -әрекеттер.

1. Әр қабаттағы эвакуацияның жоспары, схемасы бойынша оқушыларды сыртқа шығару.

2. Әйнек арқылы оқушыларды сыртқа қауіпсіз жерге шығару.

3. Оқушыларды сыртқа қауіпсіз жерге шығару.

4. Полицияға хабарлау 102, 112 номеріне хабарлау.

5. Алғашқы көмек көрсету.

6. Жалпы адам, бала санын білу, есте сақтау.

7. Іште қалған бала санын білу.

8. Сыртқа шыққан бала санын білу.

9. Оқушыларды қауіпсіз жерге жинау.

10. Іштен шыққан адамдардан террористер туралы ақпарат сұрау.

11. Эвакуацияны 25-30 минутта жүргізу.

Мектеп ұжымына «Экстремизм мен терроризмге қарсы іс -қимыл» террористік актісі орын алған жағдайдағы алғашқы іс –әрекеттер тақырыбындағы оқу-жаттығу семинарын қортындылай келе қаралған мәселелер бойынша төмендегідей қаулы шығарылды.

Қаулы:

1. Мектеп қызметкерлері мен оқушыларға террористік актісі орын алған жағдайдағы алғашқы іс –әрекеттер туралы түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізілсін.
2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында мектептің ішкі ғимаратына, ішкі сыртқы аулаға мұғалімдер тарапынан кезекшіліктер ұйымдастырылып, жауапкершілік жүктелсін.
3. Терроризмге қарсы іс-қимыл тақырыбындағы өткізілген оқу –жаттығу семинары қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Мектептің кіре берісіндегі турникет құралдарының қызмет жасауы, бөгде адамдарды тіркеу журналының болуы, дабыл батырмасының, мектептің ішкі-сыртқы бейне бақылау камераларының жұмыс істеп тұруы, мамандандырылған күзетің талаптарға сәйкестігі, интернеттің болуы, бейне бақылау камераларының ЦОУ-ға қосылуы қатаң бақылауға алынсын.
5. ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 қаулысы және ҚР Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы Білім және ғылым министрлігінің 2022ж 30 наурыздағы №117 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 2023 жылғы 14 ақпандағы №15-3/97-И хатының талаптарын сақтау қатаң бақылауға алынсын.

Мектеп директоры:



Е.К.Нурсейтов

Терешкова атындағы №31 ЖОББМ-де 6.02.2026 жылы мектеп ұжымымен өткізілген «Экстремизм мен терроризмге қарсы іс- қимыл» жөніндегі оқу семинарының №2 хаттамасы

Мектеп әкімшілігі:

Қатысқандар: Мектеп ұжымы

Мерзімі: 6.02.2026ж

Өткізілетін орыны: Мәжіліс залы

Күн тәртібінде:

1. Мектеп ұжымы терроризмге қарсы іс–қимыл туралы ҚР 1999 жылғы 13 шілдедегі заңы 2021 жылғы 6 мамырдағы ҚР Үкіметінің №305 қаулысы ,ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығымен таныстыру.

/Мектеп директоры Е.К.Нурсеитов /

2. Мектеп ғимаратында терроризмге қарсы қорғану және алдын алу іс –шаралары туралы.

/ДТІЖО Ғ.Нұсқабай/

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Е.К.Нурсеитов мектеп ұжымына «Терроризмге қарсы іс–қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен, «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2021 жылғы 6 мамырдағы ҚР Үкіметінің №305 қаулысы мен «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алған ДТІЖО Ғ.Нұсқабай аталған бұйрықтар мен қаулылар негізінде мектептің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды түсіндірді. Мектептегі ахуалды бақылау бойынша байланыс, хабарлау , бейнекамералар, күзет және дабыл сигнализация жүйелері мен құралдары дабыл түймелерінің жұмыс жасауын айтып өтті. Терроризм қаупінің алдын алу мақсатында мектепке бөгде адамдардың заңсыз кіруіне жол бермеу және кіруіне рұқсаттама орнату қатаң қадағаланады деді. Мектеп және мектеп аумағындағы қауіпті бақылау қатаң түрінде жүргізіліп (Күдікті адамдар мен заттарды анықтау) мектеп аумағына келушілер мен көлік құралдарының кіруінің арнайы тәртібі белгіленетінін айтып өтті. Мектеп күзетін қамтамасыз ету талапқа сай ұйымдастырылып, мектепті күзетуді жүзеге асыратын күзет агенттіктерімен келісім шартқа тұру жұмыстары заң шеңберінде жүзеге асырылуда. Мектеп және мектеп аумағында орналастырылған бейне бақылау

кондырғыларының үнемі жұмыс істеп тұруы жүйелі түрде жүргізілетінін түсіндірді.

Қаулы:

1. ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 қаулысы және ҚР Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы Білім және ғылым министрлігінің 2022ж 30 наурыздағы №117 бұйрығының тиісті талаптарын сақтау қатаң бақылауға алынсын.
2. Терроризмге қарсы іс –қимыл тақырыбында өткізілген оқу семинар қанағаттанарлық деп табылсын, семинарлар өткізу жауапкершілігі ДТІЖО Ғ.Нұсқабайға жүктелсін.
3. Мектепте террористік қауіптің алдын алу бойынша бейнекамералардың дабыл сигнализация жүйелері мен дабыл түймелерінің күзетпен қамтылуы бойынша жұмыстар жоғары деңгейде жүргізіліп, жауапкершілік ДШЖО А.Асабаевқа жүктелсін.



Мектеп директоры:

Е.К.Нурсейтов



